

2012 жылы арнайы ақпараттық пәндер оқытушысы Г.К.Жусупкалиева «Үздік педагог» атағына ие болып, Алматы қаласында Қазақстанның үздік оқытушыларына арналған Форумға қатысып қайтты.



С 31 октября - по 1 ноября 2013 года в городе Алматы состоялся Республиканский конкурс «Методист года». По итогам конкурса второе призовое место заняла методист Уральского колледжа газа, нефти и отраслевых технологий Светлана Николаевна Обезьянова




2013 жылдың қыркүйек айындағы “Батыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ең үздік әдістемелік қызметі” атты облыстық байқауында Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжінің әдістемелік жұмысы ең үздік деп танылып, жүлделі І орынға ие болды



Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы “Әлеуметтік серік тестермен жұмысты жүйелі ұйымдастырған колледж 2013” атты облыстық байқауында Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі жүлделі І орынға ие болды.



Студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының III еңбек маусымы бойынша Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжінің студенттік жасағы “Үздік жасақ - 2013” атағына ие болып, сыйлықпен марапатталды.




Колледждің өзін-өзі басқару ұйымы Қазақстан Студенттерінің Альянсы Халықаралық студенттер күніне орай «Үздіктер» байқауында «Үздік студенттік кеңес» номинациясына ие болды.



Облыстық М.Мақатаев атындағы «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты мұшайрадан Б.Төлегенов (оқытушысы-Айтимбетова А.А.) жүлделі ІІІ орынды алды.



Облыстық «Дін - ұлттың діңгегі» атты сурет байқауына колледж оқушысы Колесова Марина қатысып, ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды. (жетекшісі Шамагина Н.П.)



Волейбол құрама командасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында болған турнирде жүлделі ІІ орынға ие болды. (Команда жаттықтырушысы А.М.Айтниязова).



Облыстық «Әдістемелік идеялар фестивалі» байқауына техникалық механика пәнінің оқытушысы С.С.Бисалиева қатысып, байқау қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ орынға ие болды.



«Үздік оқу- әдістемелік кешен» атты облыстық байқауға арнайы аграрлық пәндер оқытушылары Абилькаримова Г.Ж., Ф.Е. Жубанова, М.Г. Батыргалиевалар қатысып, «Үздік ұжымдық кешен» номинациясына ие болды.

«Евразия» Академиясының базасында өткізілген «Бухгалтер.KZ.» қалалық байқауына колледж командасы қатысып, III орынға ие болды. (жетекшісі Коробкова В.А).

2013 жылдың сәуір айында МГ-331 тобының оқушылары облыстық «Біз - болашақ жастары» атты байқауға қатысып, жүлделі III орынға ие болды (топ жетекшісі В.В. Кучканова).

Зав.метод.кабинетом колледжа С.Н.Обезьянова завоевала I место в областном конкурсе “Лучший методист года - 2013”.

Облыстық «Мамандық-2013» байқауында колледж оқушысы Жолдаскалиев Нұрғали қатысып, жүлделі II орынға ие болды (жетекшісі Кнамаев Н.Е.).

«Туған өлке тарихи тұлғалары» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясында колледж оқушысы Ранова Назерке «Өлкетанудың өр тұлғасы» атты баяндамасымен қатысып, жүлделі I орынға ие болды. (жет. Бактугулов Д.Т.)

МГ-222 топ оқушысы Н. Метальникова облыстық «Тіл- халық жанын танудың кілті» өзге ұлт өкілдері арасындағы мемлекеттік тіл білгірлерінің сайысында I орынды иеленіп, бас жүлдені беліне байласа, облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында болған «Тіл тарланы» байқауында жүлделі II орынға ие болып, Алматы қаласына Республикалық байқауға жолдама алды. (Жетекшісі Г.Ш.Мухамбеткалиева).

Облыстық «Қадыр оқулары» байқауында колледж оқушысы А Бисенғалиева I орын (оқыт.- Айтимбетова А.А.) алса, Батырхан Хамитов (оқытушысы-Нуртаева Л.Қ.) II орынды иемденді.

Орал ақпараттық технологиялар колледжінің базасында өткен Облыстық ғылыми-техникалық оқуларда колледж оқушылары Айбек Бекетов I дәрежелі диплом мен ГРАН ПРИ сыйлығына (ғылыми жетекшісі Имашева Б.К.) Дулат Аманжолов I дәрежелі дипломға (ғылыми жетекшісі Кенжебаева К.М) ие болды.

9 қыркүйек күні Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжінің оқушылары К.Антипова мен А.Альбертова Қазақстан Республикасы тілдері күніне арналған «Тіл – ұлт мерейі» атты тіл фестивалі аясында өткізілетін өзге ұлыс өкілдері арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты байқауына қатысты. Байқау қорытындысы бойынша К.Антипова жүлделі ІІІ орынға ие болса, А.Альбертова қатысқаны үшін алғыс хатқа ие болды.

Тоғызқұмалақтан 1994-1995 ж.т. жастар мен қыздар арасындағы Батыс Қазақстан облысының жекелей-блиц чемпионатында "ҮШІНШІ" орынға Орынбаев Ғаділет СТ-321 тобының оқушысы ие болды.